



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 9 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 0 7 Ж Ы Л Ғ Ы 6 Н А У Р Ы З

**Теңгенің графикалық нышанын жасауға
арналған «Балалар конкурсының»
қорытындылары**

6 наурызда Қастеев атындағы Өнер мұражайында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұйымдастырған Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің нышанын (идеограммасын) жасауға арналған жалпыұлттық конкурс шеңберінде өткен Республикалық «Балалар конкурсының» жеңімпаздары марапатталды.

«Балалар конкурсының» нәтижелеріне арналған брифингке ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Әнуар Сәйденов, «Сеймар Альянс қаржы корпорациясы» АҚ Басқармасының Төрағасы Жомарт Ертаев, Алматы қ. әкімдігінің Білім беру департаменті бастығының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қатипа Молдабаева қатысты.

Конкурс 2007 жылғы ақпанда өткен болатын, оған Қазақстанның барлық орта білім беретін мектептері қатысты. Іс-шараны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2006 жылғы қарашада жариялаған «Теңге нышаны» конкурсының шеңберінде «Альянс Банк» өткізді.

«Балалар конкурсының» мақсаты – Республикамыздың ең жас азаматтарының белсенділігін арттыру, олардың назарларын мемлекеттік нышандардың жасалуына аудару, оқушылардың отансүйгіштік және өз мемлекетінің ауқымды жобаларына қатысу сезімін ояту. Алматы қ. әкімдігінің Білім беру департаменті «Балалар конкурсының» өткізілуіне көмектесіп, қолдау көрсетті. Алматы қ. әкімдігінің Білім беру департаменті бастығының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қатипа Молдабаева: *«Мұндай жобалардың іске асырылуы – өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Бұл – балалардың отансүйгіштік сезімі мен шығармашылығын дамытуға бағытталған, Қазақстандағы ең алғаш өткізіліп отырған ауқымды шара»* - деп ойлайды.

5 ақпанда басталған бұл конкурсқа 28 000 аса бала қатысты, олардың 10 000 – Алматы қаласынан. 2000 жуық жұмысты сурет салу пәнінің мұғалімдері іріктеп, конкурсқа жіберді. Конкурстың 60 жеңімпазы - алматылықтар, 80 - Қазақстанның өзге әр түрлі аймақтарынан. Әр аймақтан 2-3 орта мектептен және 1-2 балалар үйінен қатысты. Алматы қаласынан конкурсқа 177 мектеп қатысты.

Конкурстың басты жеңімпаздары:

- **Мирас Мүбәраков**, Көкшетау қ., 5 сынып – 1 орын
- **Айгүл Бейісова**, Ақтөбе қ., 9 сынып – 2 орын
- **Ілияс Сағындықов**, Алматы қ., 7 сынып – 3 орын

3 басты жеңімпаз және алматылық 20 жеңімпаз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің арнайы сыйлықтарына ие болды. «Альянс Банк» ең үздік жұмыс авторларына: 1 орынға – ноутбук, 2 орынға – фотоаппарат және 3 орынға MP 3-плеер тапсырды. Барлық үздік жұмыстар ҚР Ұлттық Банкінің www.tenge2006.kz және «Альянс Банктің» www.tenge.kz сайттарына орналастырылады.

Конкурстың бірінші кезеңінде балалар мұғалімдерінің басшылығымен осы тақырыпқа арналған сабақтарда немесе тиісті тапсырма ала отырып үйде теңгенің белгілерін салды. Одан кейін әрбір мектептен, балалар үйінен, көркемсурет студияларынан келіп түскен (әрбір мекемеден 10-15 жұмыстан) ұлттық валюта нышанының ең үздік бейнелері үйлестіру орталығына жіберілді. ҚР Ұлттық Банкінің, «Альянс Банктің», БАҚ-тың өкілдерінен және Қазақстанның белгілі дизайнерлерінен тұратын қазылар алқасы ең үздік деген жұмыстарды таңдады. Ол жұмыстар Қастеев атындағы Өнер мұражайында өтіп жатқан көрмеге негіз болды.

Жалпыұлттық конкурстың соңғы қорытындылары 2007 жылғы 21 наурызда шығарылады. «Кәсіби конкурс» номинациясындағы жеңімпазға берілетін ақшалай сыйлық Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің атынан 150 000 теңгені және «Альянс Банктің» атынан 5 000 АҚШ долларын құрайды.